

Бельгия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 тамыз 1993 ж. N 681

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бельгия Корольдігінде Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы" 1993 жылғы 15 сәуірдегі N 1182 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Бельгия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны 21 адам, жылдық жалақы қоры 265302 АҚШ доллары болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Елшісінің лауазымдық жалақысы айына 1700 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы Бельгия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшісінің шет ел валютасымен алатын жалақысына қарай штаттық кестеге сәйкес белгіленсін.

3. Жұмысының айрықша маңызы мен көлемінің үлкендігі ескеріліп, Бельгия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық жалақысына оның шет ел валютасымен алатын жалақысының 20 проценті мөлшерінде үстеме белгіленсін.

4. Елшілік қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге аударылатын қаржы олардың АҚШ долларымен алатын жалақы қорының 2 проценті мөлшерінде белгіленсін.

5. Бельгия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің шығыс сметасы 1993 жылдың екінші жартысына 633,7 мың АҚШ доллары және 30120,7 мың сом мөлшерінде бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған мақсатқа 1993 жылға республикалық бюджетте және республикалық валюта қорында көзделген қаржыны тоқсан сайын бөліп отырсын.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі